

Бағдат ЕРТАЕВА

филология магистрі, Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
(bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz) <https://orcid.org/0000-0001-5953-1509>

**ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ
ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ***

Аңдатпа: Мақалада қазақ және түркі халықтарының бесік жырларына шолу жасалып, түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіндегі бесік жырларының тәрбиелік маңызына ғылыми талдау жасалған. Атап айтқанда, қазақ, қарақалпақ, ұйғыр халықтарының бесік жырларынан үзінділер алынып, жалпы түркі халықтарының бесік жырларының өзіндік ерекшеліктері жөнінде кеңінен айтылады және түркі халықтарының отбасында бесік жырларын айту арқылы ана мен бала арасындағы қалыптасатын рухани байланыстарға назар аударылған. Зерттеу барысында фольклортану ғылымында бесік жырын жан-жақты зерттеген іргелі ғалымдар болып табылатын А.Ветухов, М.Элиаш, А.Мартынова, С.Сейфуллин, Ш.Ахметов, Б.Уахатовтардың бесік жырына қатысты зерттеулері негізге алынған. Сондай-ақ, С.Қасиманов, А.Янушкевич, А.В.Затаевич және Н.Боратовтың да бесік жырына қатысты маңызды пікірлері назарға алынған. Қазақ халқымен қатар, түркі халықтарында да бесік жырының маңызды сипатқа ие болуы жыр жолдары мен түркі ғалымдарының пікірлері арқылы дәлелденген. Бесік жыры – бала тәрбиесінің алғашқы әліпбиі, баспалдағы саналады. Бесік жырын айтып, ұрпақты қалыптастыру тек қазақ халқы үшін емес, күллі түркі жұрты үшін маңызды сипатқа ие. Мақала арқылы түркі халықтарындағы бесік жыры табиғатымен таныса отырып, болашақ ұрпақ жөніндегі халық мұратын танимыз, бесік жырының бала тәрбиелеу ісінде үлкен қызмет атқарып келе жатқан балалар фольклорының ерекше арнаулы саласы екендігін ұғынамыз.

Кілт сөздер: бесік жыры, бала тәрбиесі, балалар әдебиеті, адамгершілік, ұрпақ, ата-ана

* Келген күні: 27 ақпан 2024 ж. – Қабылданған күні: 19 маусым 2024 ж.

Date of Arrival: 27 February 2024 – Date of Acceptance: 19 June 2024

Geliş Tarihi: 27 Şubat 2024 – Kabul Tarihi: 19 Haziran 2024

Поступило в редакцию: 27 февраля 2023 г. – Принято в номер: 19 июня 2024 г.

DOI: 10.59358/ayt.1443369



Baghdad YERTAeva

master of philology, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish
University, Kazakhstan, Turkestan (bagdat.yertayeva@ayu.edu.kz)
<https://orcid.org/0000-0001-5953-1509>

**EDUCATIONAL SIGNIFICANCE OF LULLABY OF TURKIC
PEOPLES**

Abstract: In the article, the lullabies of the Kazakh and Turkish people are reviewed and a scientific analysis is made on the educational importance of lullabies in the upbringing of the Turkish people. By quoting especially from the lullabies of the Kazakh, Karakalpak and Uyghur people, by examining the characteristics of the lullabies of the Turkish people in general, the spiritual bonds established between the mother and the child by singing lullabies in the families of the Turkish people are discussed in detail. During the research, basic scientists who comprehensively studied lullabies in folklore science A. Vetukhov, M. Eliash, A. Martynova, S. Seifullin, Sh. Based on Akhmetov, B. Ukhatov's research on lullabies. In addition, the important opinions of S. Kasimanov, A. Yanushkevich, A. V. Zataevich and N. Boratov regarding the lullaby were also taken into account. The importance of lullabies among the Turkish people as well as the Kazakh people is proven by the lyrics and the opinions of Turkish scholars. Lullaby is considered the first alphabet of child education, a stepping stone. Singing lullabies and creating a generation is important not only for Kazakhs but for all Turkish peoples. Thanks to the article, we will get to know the nature of lullabies of the Turkic peoples, get acquainted with the ideals of the people for future generations, understand that lullabies are a special branch of children's folklore and play a big role in children's folklore.

Keywords: lullaby, child education, children's literature, humanity, family, parents.

Кіріспе

Бесік жыры – бала тәрбиесінің алғашқы әліпбиі, алғашқы баспалдағы саналады. Қазақ халқында бесік жыры «әлди» деп аталады. Әлдилеу – тербету немесе баланы алдына алып бірқалыпты ырғау деген ұғымды береді. Бесік жырының атауы әр халықта әр түрлі аталады. Бесік жырын өзбек халқы «әлле» десе, ұйғырларда «бөшүк нахшиси», татарларда «әлли-бәлли», әзірбайжан түріктері «лайлай», қазандықтар «бишик жыры: бесік түркісі (әні)» деп атайды (Ісләмжанұлы, 2007, 94-б.). Қазақ халқы және жалпы түркі халықтарында нәресте шыр етіп дүние есігін ашқан сәтінен бастап ата-анасынан бесік жырын тыңдап,

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

бойына сіңіріп өседі. Ата-ананың сәбиін ерекше жақсы көруі, аялап өмірге баулуы барлығы да жыр тілімен өрнектеліп отырады. Яғни, ата-ана бесік жырын айту арқылы нәрестені тыныштандырып қана қоймайды, баланы жаңаша өмірге бейімдейді, бөбектің рухани жағынан дамуын қадағалайды және өз қоғамына сай тәрбиелі азамат болып ер жетуіне де үлесін қосады. Біріншіден, бесік жыры баланың мінез-құлқының қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бесік жырын тыңдау арқылы баланың сана-сезімі оянады, көңіл-күйі көтеріледі, ынталанады, баланың тілі ерте шығады, баланың есте сақтау қабілеті дамиды, өседі. Бесік жырын айту арқылы ата-ана баланың бойындағы ұлттық құндылықтар мен адамгершілік қасиеттердің дамуына жол ашады. Бесік жыры екі түрлі міндет атқарады: 1. Сәбиді жұбату және сәбидің болашағына деген ата-ананың шынайы тілегі; 2. Ананың сәбиіне деген махаббаты, ой-арманы, ата-ананың өсиеті.

Бесік қазақ халқы үшін маңызды мүліктің бірі саналады. Ұлы Абай қарасөздерінің бірінде (жетінші сөз) «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса тән жанға қонақ үй бола алмайды, хәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демелік, не көрсе соған талпынып, жалт-жұлт еткен болса, оған қызығып, аузына салып дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе немесе жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене, бұл немене» деп, ол неге үйтеді? бұл неге бүйтеді? – деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді. Мұның бәрі жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» (Құнанбайұлы, 2022: 24). Міне, осы «жан құмарлығын» халық бесік жыры арқылы өтеуге тырысады. Бесік жыры арқылы алғашқы өмір әуендерін құлағына сіңіре бастайды.

Бесік жырының мазмұны түгелдей ата-ананың нәрестесіне деген қуанышын айтудан, оның жақсы азамат болуына тілектестік білдіруден тұрады. Осыларды айта отырып, бесік тербетуші ана бөпенің жайлы ұйықтап тынығыуын тілейді.

Көзімнің ағы мен қарасы,
Жүрегімнің парасы,
Көңілімнің санасы!
Айналайын шырағым!
Көлге біткен құрағым!
Маңдайдағы күндызым,

Аспандағы жұлдызым!
Әлди-әлди әлди-ай!
Әлди, бөпем, ұйықта жай!

Жырдан алынған бұл үзіндіде нәрестені жақсы көрген ананың оны халық ұғымындағы жақсы нәрселерге теңеуге ұмтылғаны көрінеді. Осы халықтық теңеулер («Көлге біткен құрағым», «Маңдайдағы құндызым», «Аспандағы жұлдызым») біртіндеп бала санасына сіңіп, оның ұғымын, түсінігін кеңейтеді (Қирабаев, 1976, 130-б.).

Тақырыпты дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ және түркі халықтарындағы бесік жырына қатысты мағұлмат беру, қазақ және түркі халықтарындағы бесік жырының ұрпақ тәрбиесіндегі маңызын түсіндіру, түркі халықтарындағы бесік жырларына салыстырмалы түрде қарау. Түркі халықтарындағы бесік жырының жас ұрпақты адамгершілікке, отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеудегі маңыздылығын көрсету. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- Бесік жырына қысқаша сипаттама;
- Бесік жырына қатысты түркі ғалымдарының көзқарастары;
- Қазақ және түркі халықтары бесік жырынан үзінділер келтіре отырып, ұрпақ тәрбиесіндегі бесік жырының маңыздылығын көрсету;
- Бесік жыры туралы ғалымдардың көзқарастары;

Зерттеудің ғылыми-зерттеу әдіснамасы

Зерттеу жұмысын жазу барысында түркі халықтарында ұрпақ тәрбиесінде бесік жырының маңызын қарастырдық, бесік жырына қатысты ғалымдар пікірін негізге алдық. Зерттеу барысында деректерді жинау және сапалы зерттеу әдістерінен алынған мәліметтер бойынша салыстыру жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулары

Жас баланы бесікке салуды қазақ және түркі халықтары қуаныш етіп, тойлап өткізген. Мұны да ойын сауыққа айналдырған. Онда айтылған өлеңдерден жас баланың дені сау, ер-азамат болып өсуін халықтың тілейтіндігі де көрініп отырады. Кейіннен, бесіктегі жас баласын тербете отырып, аяулы ана көңіліндегі ой-арманын, жақсы тілегін білдіреді. Мұны халық «бесік жыры» деп атаған (Ғабдуллин, 1974, 51-б.).

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Бесік жыры – халық әдебиетінің лирикалық дәстүрлік туындысы және балалар әдебиетінің өте маңызды бөлігі болып табылады. Бесік жыры бала екі-үш айлық болғанда басталып, үш-төрт жасқа дейін жалғасады. Ана бөбекті бесік жырын айта отырып, тізеде, бесікте, тіке тұрып тез әрі ыңғайлы тербетеді. Бесік жыры әдетте оның ұйықтап қалуына немесе жылауын тоқтатуына көмектеседі (Құнанбай, 2008: 180).

Халық тұрмысында бесік жырын айтушылар аналар ғана емес. Оны немересін жұбатқан аталар мен әжелерден бастап, отбасы мүшелерінің барлығы да орындайды. Әдетте, қазақ отбасы көп балалы үй болатындықтан ересектерінің кішілерін бағып, тәрбиелеуі үйреншікті жағдай. Кейде бесік жырын балалар кезектісіп те айтады.

Бірінші бала:

Апаң кетті бел асып,
Беліне белбеу жарасып,
Тезек теріп жүргенде
Кетіп қапты адасып.

Екінші бала:

Апасы оның келеді,
Жұмыртқа әкеп береді.
Дәркен оны біледі,
Жыламайды күледі, -

деп этнограф С.Қасиманов бесік тербетіп отырған балалардың жырды кезектесіп орындайтындығын да жазады. Жалпы көп балалы отбасында ересек балалардың кішілерін бағып-қағуы - көпшілік халықтар тұрмысындағы дәстүрлі құбылыс. Қазақ балалары да отбасылық өмірдің күнделікті тіршілігіне ерте араласады. Көргенді ата-аналар «Істегенің бізге жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы», - деп оны қолдап отырады. «Бесік жырын» - «ана жыры» дегенімізбен, оны бесік тербеткен әжелерден бастап, әркім орындай береді. Оған бесік тербеткен адамның:

Әлди, әлди, алайын,
Атқа тоқым салайын
Қыдырып кеткен апанды
Қайдан іздеп табайын? –
деп әндететіні де дәлел (Ісләмжанұлы: 2007, 95-б.).

Әдебиеттану терминдер сөздігінде бесік жырына былай анықтама берілген: Бесік жыры - қазақ фольклорының жанрлық түрі деп беріледі. Өлең өрнегі жеті-сегіз буынды тармақтарға негізделеді. Ерте кездерден

бесік тербетіп отырғанда әнге қосып баланы уатып, қалғытып ұйықтатуға лайық біркелкі ырғақпен, жайдары жағымды үнмен айтылатын болған. Өлеңнің сөздері де мейлінше қарапайым, айтуға жеңіл болып келеді. Кейбір сөздердің қайталанып отыруы өлеңнің үйлесімділігін арттыра түседі.

Мысалы:

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем,
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін.
Аққұтанның құйрығын
Жіпке тағып берейін (Ахметов, Шаңбаев, 1998, 107-108-б.).

Әлемде бесік жырын айтпайтын халық жоқ. Сәби жүрегіне алғашқы рухани нәр ең алдымен осы әлди жыры арқылы сіңеді. Түп тамыры тым тереңге, сонау алғашқы қауымдық құрылысқа қарай кететін бесік жыры ұзақ жылдардағы адамзат тәжірбиесінің жемісі екені даусыз. Бүгінде әлемдік, көршілес фольклортану ғылымында бесік жырын жан-жақты сөз еткен талай іргелі зерттеулер дүниеге келді. Олардың ішінде А.Ветуховтың, М.Н.Элиаш пен А.Мартынованың еңбектерін атап айтқан жөн. Түркі тектес халықтар ішінде өзбек ғалымы М.Якуббекова өзбек «аллаларын» (бесік жыры) арнайы қарастырады. Бесік жырына айрықша мән беріп, оны алғаш зерттеу объектісіне айналдырған зерттеушілердің бірі – С. Сейфуллин. Оның 1932 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті» атты еңбегінде бесік жырына арнайы орын беріліп, жанрлық ерекшеліктері, эстетикалық мұраты мен тәрбиелік қызметі, кейбір көркемдік қырлары сөз болады. Ш.Ахметов өзінің «Қазақ балалар әдебиеті тарихының очерктері» атты еңбегінде бесік жырын балалар әдебиетінің бастау бұлағы ретінде танып, оның әдебиетті дамытудағы маңызы мен балалардың эстетикалық талғамын, дүниетанымын тәрбиелеудегі рөліне тоқталса, Б.Уахатов бесік жырын халық әдебиетінің жанрлық түрі ретінде қарастырады (Ахметов, Шаңбаев, 1998, 86-87-б.).

Бесік жырларының жақсы үлгілерін Әбубәкір Диваев жинаған.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама.
Жілік шағып берейін.
Бай құтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Әлди, әлди, аппағым,
Қойдың жүні қалпағым.
Жұртқа жаман болса да,
Өзім сүйген аппағым, -

дейтін өлеңдердің тілі керемет, мазмұны өте бай. Асыл ана өзінің бесіктегі баласын ақ бөпем, аппағым деп еркелетіп, жұбатады.

Қазақ халқының бесік жыры бір қалыпты тоқтап қалмаған. Заман өте келе дамып отырған.

Қуып ойдың жетігін,
Біліп ғылым тетігін,
Ғалым болар ма екенсің?
Еңбек етіп бар елге,
Өнеріңмен әр елге,
Мәлім болар ма екенсің?
Көп қиыннан өтерсің,
Мақсатыңа жетерсің,
Ұйықтай қойшы бөпешім.!

Бұл бесік жыры баяғы сарын, ырғақпен айтылғанымен «Тегінде Адам баласы, Адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де - ақымақтық» - деп дана Абай айтқандай, балам заманауи техниканы меңгеріп, әлемге танымал ғалым болсын деген ата-ананың арман-тілегін білдіріп тұр. Жалпы қай түркі халықтарының бесік жырын негізге алсақ, сол халықтың бесік жырынан ата-ананың арман-мұраты айқын сезіледі. Мысалы түрік халқының бесік жырында:

Benim yavrum uyuvasak
Uyuur da büyüyesek
Okullara gidecek
Büyük adam olacak... (Dilcin, 1989, 290-б.).

Менің құлыным ұйықтайды
Ұйықтайды да өседі
Мектепке де барады
Кемел адам болады.

Бұл бесік жырының мағынасы айқын, ата-ананың тілегі, арман-мұраты анық сезіледі.

Егер көршілес халықтардың бесік жырына тұтас көз жіберсек, талай туыстас көріністерді аңғаруға болады. Бұл ұқсастық, әсіресе, тарихы

тамырлас, тегі бір түркі халықтары жырларында тіптен мол. Мәселен, карақалпақ, қырғыз, ноғай жырлары көп жағдайда жолма-жол ұқсас шығып жатса, өзбек, татар, башқұрт, қарашай-балқар халықтарының жырларымен жанасатын тұстары аз емес. Әрине, өзіндік ерекшелік, айырмашылықтар мол. Бұл айырмашылық негізінен халық тұрмысындағы, тарихындағы, тілі мен діліндегі қайталанбас сипаттардан туып жатады (Қалиева, 2016, 94-б.).

Қазақ халқында бесік жырларын дәстүрлі бесік жырлары және суырып салма бесік жырлары деп екі топқа бөліп қарастырады. Дәстүрлі бесік жырына ұзақ жылдар бойы айтылып әбден қалыпқа түскен жырлар жатады. Бұл жырлар тікелей балаларға арналған. Жырдың негізгі мазмұны баланы ұйықтатуға тыныштандыруға, оның жарқын болашағына ақ тілек білдіруге құрылады. Әдетте, сәби дүниеге келгенде айтылатын ғұрыптық жырлар, әлди айту, еркелету, уату жырлары дәстүрлі түрде үлкендердің үлесіне тиесілі болып келеді. Суырып салма бесік жырлары адамның жеке басындағы, тұрмыстағы, тарих пен қоғамдағы түрлі оқиғалардың әсерінен туып тарап отырған. Бала тербетіп отырған адам бесік жырының дәстүрлі нұсқасын пайдалана отырып, өз ой толқынысын, күйініш-сүйінішін сыртқа шығарады. Бесік жыры көбінесе тілек айту мәніне құралады да, жыр айтушы бөбектің келешегіне сенім артып, қуанышқа бөленеді. (Қалиева, 2016, 34-б.).

Қарашай-балқар халқының ауызша мәдениетінің маңызды туындысының бірі бесік жыры ұрпақтар сабақтастығының негізгі құралы болып саналады. Қоғамдық өмірде кейінгі ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік беретін бесік жырлары жеке адамның психикалық дамуына да ықпал етеді. Тыңдау балалардың үйрену арнасы. Анасының құрсағында бес айлығында тыңдай бастаған бала Қарашай-балқар халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптарын санасында жаңғыртып, үйрене бастайтындығы айтылған (Қошқар, Т., Қошқар, Р., Қошқар, А., 2018, s. 95).

Қаншама жылдар бойы ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде беріліп келе жатқан бесік жырының бала психикасының дамуымен қатар, физиологиялық дамуы және ментальды тұрғыдан дамуына да қосар үлесі ерекше. Ғалымдар жүргізген тәжірибиелерге сүйенер болсақ, 1990 жылы Германиядағы Констанц университетінде жүргізілген зерттеуге сәйкес, ана құрсағында бесік жырын тыңдап жаттықпаған сәбилерге қарағанда ана құрсағында жатқанда бесік жырын тыңдап жаттыққан нәрестелер геометриялық фигуралар атауын оңай түсінген. Яғни,

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

ментальды тұрғыдан ақылдырақ екендігі анықталған (Hasan Güneş., 2012, s. 320).

Ғалымдар зерттеуіне сүйенсек, бесік жырын тыңдап өскен бала ана тілін тез меңгереді, баланың ойы жүйрік болады. Себебі, ана құрсағында бесік жырымен танысқандықтан сәби ортаға тез бейімделгіш, ақылды, ұғымтал болып өседі. Бесік жырымен сусындаған сәби өзі қатарлас сәбилерге қарағанда психологиялық, физиологиялық, ментальды тұрғыдан да жақсы қалыптасады.

Қарашай-балқар тілінің бар нәзіктігін, қыр-сырын, ананың балаға айтқан мына бесік жырынан байқауға болады.

Tuusa oy, allay saş bolsun
Toyda-oyunda coklansın,
Adamlıkını saklansın,
Amanlıktan canlasın.

Бұл бесік жырының жолдарында балам өскенде халықтың қалаулы адамы болсын, өлең-жыр айтуды, нақышына келтіріп билеуді меңгерсін, құрбы-құрдас арасында орнымен күресуді үйренсін, мықты, жігерлі ұл болсын, ешкімді ренжітпейтіндей намысты, тәрбиелі, ата-анасын, халқын ұятқа қалдырмайтындай жөнін білсін деген ата-ананың ізгі тілегі жатыр.

Осы мазмұндағы қазақ, түрік, қарашай-балқар бесік жырларынан ұқсастық байқалады. Ата-ананың балаға тілегі, арман мұраты айқын сезіледі. Біліп ғылым тегігін, Ғалым болар ма екенсің?/ Okullara gidecek, Buyuk adam olacak./ Tuusa oy, allay saş bolsun, Toyda-oyunda coklansın./ жырлардан байқағанымыздай, сәби өсіп ғалым болсын, оқып үлкен кемел адам болып қалыптассын, халық қалаулысы болып, тойда өлең жыр айтсын деген ізгі ата-ана тілегі басым екені байқалады.

Уату-алдарқату жырлары бөбек сөзге ден қойып, әрбір әрекетке жіті қарай бастаған шақта айтылатын фольклорлық үлгілерге кіреді. Жылаған сәбиді сөзбен уату, дыбысқа, қимылға көңілін аудару ыңғайымен оны ата-ана да, бөбекті бағу міндеті жүктелген бала да атқара береді. Баланың бабын кім таба алса, кім балажанды болса, уату-алдарқатулар соның тілінен айтылады. Уатушы әрқашан да бала мінезіне қанық болмаса, өз міндетін орындай алмайды. Қарақалпақ халқының уату-алдарқату жырларында еркелету, әспеттеу сарыны басым. Бұл – бөбектің көңілін аулаушы басты тәсілдердің бірі. Әрине, мұның өзі сөз мәнін ұға бастаған балаға айтылғандығымен де назар

аудартады. Осындай уату-алдарқатудың дәстүрлі үлгісі мына мәтіннен айқын көрінеді:

Айдыр, айдыр – ай ермиш,
Айдай уғлан бар ермиш,
Ай дийдарлы уғланның,
Ақ отауы бар ермиш,
Ақ отаудың бауырында,
Ақ ейшеси бар ермиш,
Ақ ейшеси жанында,
Ақ кишеси бар ермиш,
Ақ кишеси алдында,
Ақ кисиси бар ермиш,
Ақ кисиси қолында,
Ақ кесеси бар ермиш,
Ақ кесеси ишинде,
Ақша алма бар емиш,
Ақша алма – сизики,
Аппақ бала – бизики! (Amirlan, 2017, s. 102-103).

Қарақалпақ уату-алдарқату жырлары үшін тұрақты қалып болған «айдыр, айдыр...» тіркесі жанрдың негізгі тізбекті бастауы болып саналады. Назарымыздағы мәтінде айдай нұрлы жүзді сәби жыр арқауы етіп алынып, оған жасауланған ақ отау ішінде ақ әжесі (ақ әйше) мен ақ жеңешесі (ақ кише) бары, ақ жеңешесі алдында кішкене ғана ақ кісі, яғни бөбектің өзі барлығы, ал оның қолындағы ақ кеседе аңсарды аудырып тұрған ерекше жеміс (ақша алма) бар екені дәріптеліп, аппақ баланың одан да сүйкімді, одан да тәтті екендігі өте тартымды баяндалған. Сәбиге осындай сипат, осылайша марапат беріледі. Мұндай қисынды сипаттаулар сөз мағынасын жаңа ғана аңғара бастаған сәбиді де баурап, оның аптыққан ашулы көңілінің сабасына түсіп, саябыр табуына, өксігі тиылып, тәтті сезімдерге бөленуіне ықпал етеді. Қамыққан көңіл осылай сергітіледі.

Түркі халықтарында бөбекті уатып, алдарқатудағы тағы бір зейін қоярлық жәйт, балаға әртүрлі аң-құстардың құйрығынан, қанатынан тағыншақтар жасап беруді уәде ету, оны соған қызықтыру болып табылады. Мұны қарақалпақ уату-алдарқату өлеңдерінен де көреміз:

Айдыр, айдыр-айдыр,
Айды ұлатып келейин,
Айдыны артық балаға,
Айдырмаш айтып берейин.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

Жылама бөпем, жылама,
Жилик шағып берейін,
Жийек қустың құйрығын,
Жипке тағып берейін...

Қарақалпақ халқының байырғы әдеби мұралары арасынан орын алған осы сарындас жолдар қазақ фольклорында:

Жылама бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін,
Байқұтанның құйрығын,
Жіпке тағып берейін..., - деп айтылады (Amirlan, 2017, s. 103-104).

Осы екі жырды салыстырып қарасақ, қазақ халқының, қарақалпақ халқының бесік жырының ішкі мазмұны ұқсас, *Жылама бөпем, жылама-жылама бөпем, жылама/ жілік шағып берейін, айдырмаш айтып берейін/ жийек қустың құйрығын жипке тағып берейін, ақ құтанның құйрығын жіпке тізіп берейін* деген секілді ұқсас сарынды, сәбиді жұбату мағынадағы сөздер қолданылған.

Ұйғыр халқының әдет-ғұрпына сәйкес сәбиді бесікке бөлеп болғаннан кейін, баланың тыныш ұйықтауы үшін «бесік жыры» айтылған. Бұл бесік жырын ұйғырлар “бөшүк нахшиси” деп атаған.

Бағ-бағ әткән беғиртақ
Әлләй, балам әлләй.
Барай десәм йол жирақ,
Әллай, балам, әлләй.
Жирақтики тукқандин,
Әлләй, балам, әлләй.
Там хошнилар яхширақ,

Әлләй, балам, әлләй. - деп келеді (Зульяров, 2009, 129-б.). Бесік жырының мазмұнына келер болсақ,

Әлди, балам әлди
Барайын десем жол ұзақ,
Әлди, балам әлди,
Жырақтағы туысқаннан,
Жақындағы көрші жақсы,
Әлди, балам әлди, -

дей отырып балаға өз түйгенін айтады (Зульяров, 2009, 129-б.).

Бесік жырының тереңіне үңілер болсақ, баланың дамып, қалыптасуында алар орны ерекше. Балалардың алғашқы үйрену үдерісі

тыңдаудан басталады. Бала туылудан алдын ана жатырында бесінші айдан бастап мидың қызметі жұмыс істей бастайды. Бала сырттан келетін дыбыстарды зерттей бастайды. Оған ең жақын адам ретінде анасының дауысы өте маңызды. Қарабулатованың айтуынша: Бала алғашқы анасынан естіген бесік жырлар арқылы гентикалық код оянады. Сол себепті кейбір ғалымдар бесік жырымен өспеген балалардың өмір сүру барысында аз табысты және психикалық бұзылыстарға тез бейім болатындығын айтады. Балалардың сөйлеу және ойлау дағдылары мен тұлғалық қасиеттерінің дамуы мен психомоторлы деңгейі бесік жырымен жүреді. Генитикалық жады оянбаған балалардың өмірге, қоғамға бейімделуі қиын болады, баяу дамиды. Бесік жырын әр ғалым әр түрлі бағалайды (Қошқар, Т., Қошқар, Р., Қошқар, А., 2018, s. 95).

Амил Челебиоғлу: бесік жыры екі-үш айлықтан үш-төрт жасқа дейін айтылатын, ана сәбиін құшағына ала отырып аяғында немесе бесікпен тербете отырып, жылдам ұйықтату үшін, әрі жылағанын жұбату үшін айтылатын төрт тармақтан тұратын халық әнінің бір түрі дейді. Бесікті тербету ырғағымен әуезі үйлесімді бесік жырын айту кезінде ананың үні жоғарылап, бәсеңдеп отырады, сәби бесікке бөленген сәттен бастап, баяу, жылдам тербеледі. Яғни ана сәбидің жылауына, күлуіне қарай дауысын реттейді. Осылайша сәби ұлттық әуеннің алғашқы дәмін, әсерін бесік жыры арқылы ана тілінде, ананың құшағында алады деуге болады (Çelebioğlu, 1982, s. 212).

Бесік жыры тақырыптары ананың сол сәттегі көңіл күйіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін. Бесік жырында балаға тілек ретінде ел билейтін хан бол немесе ұлы адам бол секілді сөздер айтылады. Ана өзінің көңілді сәті мен мұңды көңіл күйін бесік жырымен жеткізе алады. Шындығында бесік жырын айтқан ана өз назарын балаға бөледі және бесік әуені бесіктегі, ана құшағындағы балаға әсер етеді. Сәби шақтағы тыңдаған бесік жыры әсіресе үш жастан кейінгі қыз балаларда қуыршақтарымен ойнаған кезде байқалады. Осылайша бесік жырының қарапайым біркелкі әуендері өлеңмен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Бесік жырын айтып отырған суреттерімен дайындалған кітаптар әсіресе, оқуды енді бастаған қыз балалардың көңілінен шығады (Erman, 1989, 5-б.). Шүкрү Елчин бесік жырын ана сәбиін ана сүтімен қоректендіретін уақытта әрі баланы ұйықтату үшін айтылатын жыр ретінде танытады (Elçin, 2000, s. 271). Абдуррахман Гүзел бесік жырын бір жағынан ана тілін оңай меңгертетін әдеби шығарма ретінде санайды, сондықтан да, түрік тілін оқытуда бесік жырының маңызы ерекше болып табылады деп есептейді

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

(Қоң, 2023, s. 25). А. Янушкевич: “Қазақтың 3-4 жасар баласының тілі жатық, ал 5-6 жастағы балалар шешен әрі тауып сөйлейді, ойын ұтымды жеткізе біледі”, - деп таңдана жазған екен. Әйгілі А.В. Затаевичтің “Бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай...” деуінің астарында көп сыр бар екені анық (Ибраимова, Абдикеримова, Алиева, 2016, 39-б.). Эсма Шимшек "бесік жырымен өскен баланың өзіне деген сенімділігі артады және ол өмірге сенімді көзқараспен қарайды” – дейді (Şimşek, 2016, s. 34). Осыдан мынаны ұғынуға болады, бесік жыры баланың дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, ананың балаға бесік жырын айтуы өте маңызды. Бесік жырының арқасында анасы да іштегі сезімдері мен ойларын білдіреді. Ананың баласына арнап айтқан бесік жыры ана мен бала арасындағы байланысты күшейте түседі (Aydoğmuş, 2020, s. 86). Пертев Найли Боратов ауызша дәстүрдің әдеби жанрлар арасындағы байланыстарын ашып көрсетуге тырысқан «Заманнан заманға» атты еңбегінде «Бесік жыры балаға ана тілін дұрыс пайдалана білуін үйрететін алғашқы жұмысшының қолындағы құрал іспетті, оған осы тілдің сан алуан ерекшеліктерін, ептілікті, тіл байлығын, нәзіктігін үйретеді, адамды өз тілінде сөйлемейтіндерден алшақтатып, оны өз тілінде сөйлейтіндерге жақындатады дейді (Karagöz, 2016, s. 1039). Ердал Айдоғмуш «Қазақ халқының бесік жырларынан мысалдар» атты мақаласында қазақ бесік жырларының өзіндік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталады. Қазақ халқының бесік жырларын мынадай тақырыптарға бөліп қарастырады:

1. Сүйіспеншілік пен қамқорлыққа негізделген бесік жырлары
2. Болашаққа арман, тілек мақсатындағы бесік жырлары
3. Туыстық қатынасқа бағытталған бесік жырлары
4. Елге деген сағыныш мағынасындағы бесік жырлары
5. Жануарлар туралы бесік жырлары
6. Дұға, тілектен тұратын бесік жырлары
7. Тұрмыстық жағдайға байланысты бесік жырлары
8. Сағыныш пен жұбанышты білдіретін бесік жырлары.
9. Нәрестенің сырт келбетін сипаттай отырып, тілек білдіретін бесік жырлары
10. Балаға үгіт-насихат айту мақсатындағы бесік жырлары.

Жоғарыдағы бесік жырларынан аңғарғанымыздай бесік жырларында балаға ақыл-кеңес беріледі. Ол өскенде қандай адам болу керектігі туралы бесік жырында айтылады, балаға бағыт-бағдар береді. Демек, қазақ мәдениетінде де, түркі халықтарында да балаға ақыл-кеңес айту дәстүрі нәресте бесікте жатқан сәтінен, бесік жырынан бастау алады деп ұғынылады.

Қорытынды

Жалпы түркі халықтары ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлген. Баланың дүниеге келіп, оның қалыптасып дамуына ерекше назар аударған. Қазақ халқында «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген нақыл бар. Халық арасында «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы», «Тәрбие тал бесіктен», «Бесіксіз үйде береке жоқ», «Білім – баланың ақылын, ал тәрбие – мінезін қалыптастырады», «Балалы үй базар», «Бала деген гүл сияқты, оған күтім қажет», «Үйінде ұл-қызы бардың көгінде сөнбес жұлдызы бар» деген мақалдар жиі айтылып жатады. Бала дүниеге көзін ашқан сәтінен бастап, анасының бесік жыры арқылы өздері өмір сүріп жатқан қоғамның мәдениетін бойына сіңіреді. Бала үшін «үйрену» ана құрсағында басталады, анасы шырқаған бесік жырының әсем де жеңіл әуенінен ұйқыға кеткен сәби айтылған сөздерді санасында орналастырады. Оның санасы дамыған сайын мәдени болашағын қалыптастырады. Бесік жыры жыры бүгінгі күннің жағдайын және ертеңгі арман-мұраттарды бейнелейді, тұлғалық және ұлттық сезімді қалыптастырады, баланың ана тілінде ауызекі сөйлеу мәдениеті мен әдебиетімен танысуына мүмкіндік береді, ана мен бала арасындағы эмоционалды байланысты орнатады, бала өз ана тілінің сөздік қорымен танысып, адамдарды, табиғатты, әлемді тани бастайды, баланың есте сақтау қабілетін арттырады, практикалық тілдік дағдыларын қалыптастырады. Бала отбасында бесік жырын тыңдап қана қоймай, адамгершілік, бауырмалдық, елін сүю, қамқорлық секілді ізгі іс-әрекеттерді бойына сіңіріп өседі. Бесік жырын өмірдің күнделікті тіршілігінде қолдану отбасындағы ересек балалардың кішілерін бағып-қағып уатуы бауырмалдық, мейірімділікке баулиды. Бесік жыры – қазақ және түркі халықтарының көнеден келе жатқан халық санасының ұжымдық жемісі саналады.

Әдебиеттер

- Aydoğmuş, E. (2020). *Kazak Ninnilerinden Örnekler*. Gazi Türkiyat, 27, (ss. 85-100).
- Әмирлан.С.Е. (2017). *Қарақалпақ балалар фольклорында уату-алдарқатулар*. Түркология журналы, 81, (ss. 101 – 107).
- Ахметов З, Шаңбаев Т. (1998). *Әдебиеттану. Терминдер сөздігі*. Алматы. «Ана тілі». -384 б.
- Ғабдуллин М. (1974). *Қазақ халқының ауыз әдебиеті*. – Алматы. «Мектеп». - 319 б.
- Dilçin C. (1989). *Örneklerde Türk Şiir Bilgisi*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. s. 290
- Elçin, Ş. (2000). *Halk Edebiyatına Giriş*. Ankara: Akçağ yayınları. s. 271

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

- Erman.A. (1989). *Ortak Türk Kültürü Ürünlerinin Çocuk Edebiyatına Katkıları*. Ankara. (ss. 1-8).
- Зульяров А. (2009). *Йәтмисү уйғурлири*. Алмута. «МИР» нәшрияти. -232 б.
- Ибраимова Л.Н. Абдикеримова П.Ж. Алиева П.С. (2016). *Қазақ отбасы тәрбиесі*. –Тараз. -160 б.
- Karagöz, B. (2016). *Kültürel Bellek Aktarımı Temelinde Ninnelerin Rölü: «Anneler Ninneleri Biliyor mu?»* Erzincan Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 2, (ss. 1036-1055).
- Коңқар. Т, Коңқар R, Коңқар А. (2018). *Дияспорада Яшayan Караçай-Малкарларин Нинни Сөйлеме Gelenekleri ve Kültürel Değişim*. Uluslararası Folklor Akademi Dergisi. Cilt 1, sayı 1, 91-104
- Коç.R. (2023). *Milli Kültür İnşası ve Dil Bilinci Kazandırma Aracı Olarak Kosova Türk Edebiyatında Ninni*. Van Yüzüncü Yıl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 59, (22-39).
- Қалиева. Ж. *Балалар әдебиеті*. (2016). – Қостанай: «ҚӨТУ». -538 б.
- Қирабаев С. (1976). *Әдебиет және дәуір талабы*. – «Жазушы». -300 б.
- Құнанбайұлы А. (2022). *Абайдың қара сөздері*. – Алматы. «Мазмұндама». -148 б.
- Құнанбай Қ. Қабден М. (2008). *Қазақ халқының ұрпақ өсіру ұлттық салт-дәстүрі*. Түркология. №37-38
- Hasan Güneş. (2012). *The Effects of Lullabies on Children*. *International Journal of Business and Social Science*. No. 7, 316-321
- Şimşek, E. (2016). *Anonim Halk Şiiri İçerisinde Ninnelerin Yeri*. Akra Kültür Sanat ve Edebiyat Deriğisi, (33-64).
- Çelebioğlu.A. (1982). *Türk Ninniler Hazinesi*. İstanbul. (ss. 211-237).
- Ісләмжанұлы К. (2007). *Қазақтың отбасы фольклоры*. – Алматы. «Арыс». - 332 б.

References

- Aydoğmuş, E. (2020). *Kazak Ninnilerinden Örnekler*. Gazi Türkiyat, 27, (ss. 85-100).
- Amirhan.S.E. (2017). *Qaraqalpaq balalar folklorynda ýatý-aldarqatýlar*. Türkologiya Dergisi, 81, (ss. 101 – 107).
- Ahmetov Z, Shańbaev T. (1998). *Ádebiattaný. Termynder sözdigi*. Almaty. «Ana tili». -384 b.
- Ġabdýllin M. (1974). *Qazaq halqynyń aýyz ádebieti*. – Almaty. «Mektep». -319 b.
- Dilçin C. (1989). *Örneklerde Türk Şiir Bilgisi*. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. s. 290
- Elçin, Ş. (2000). *Halk Edebiyatına Giriş*. Ankara: Akçağ Yayınları. s. 271

- Erman.A. (1989). *Ortak Türk Kültürü Ürünlerinin Çocuk Edebiyatına Katkıları*. Ankara. (ss. 1-8).
- Zýliarov A. (2009). *Iáttusý ýigýrlurı*. Almýta. «MIR» náshriatı. -232 b.
- Ibramova L.N. Abdikerimova P.J. Aheva P.S. (2016). *Qazaq otbasy tárbiesi*. – Taraz. -160 b.
- Karagöz, B. (2016). *Kültürel Bellek Aktarımı Temelinde Ninnelerin Rölü: «Anneler Ninneleri Biliyor mu?»* Erzincan Üniversitesi Eğitim Fakültesi Dergisi, 2, (ss. 1036-1055).
- Koçkar. T, Koçkar R, Koçkar A. (2018). *Diyasporada Yaşayan Karacay-Malkarlıların Ninni Söyleme Gelenekleri ve Kültürel Değişim*. Uluslararası Folklor Akademi Dergisi. Cilt 1, sayı 1, 91-104
- Koç.R. (2023). *Milli Kültür İnşası ve Dil Bilinci Kazandırma Aracı Olarak Kosova Türk Edebiyatında Ninni*. Van Yüzüncü Yıl Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Dergisi, 59, (22-39).
- Qalieva. J. *Balalar ádebiyeti*. (2016). – Qostanaı: «QÁTÝ». -538 b.
- Qırabaev S. (1976). *Ádebiyet jáne dáýir talaby*. – «Jazýshy». -300 b.
- Qunanbauly A. (2022). *Abaidýn qara sózderi*. – Almaty. «Mazmundama». -148 b.
- Qunanbai Q. Qabden M. (2008). *Qazaq halqynyń urpaq ósirý ulttyq salt-dásturi*. Türkologıa. №37-38
- Hasan Güneş. (2012). *The Effects of Lullabies on Children*. International Journal of Business and Social Science. No. 7, 316-321
- Şimşek, E. (2016). *Anonim Halk Şiiri İçerisinde Ninnelerin Yeri*. Akra Kültür Sanat ve Edebiyat Deriğisi, (33-64).
- Çelebioğlu.A. *Türk Ninniler Hazinesi*. İstanbul. 1982, (ss. 211-237).
- İslámjanuly K. (2007). *Qazaqtyń otbasy folklorı*. – Almaty. «Arys». -332 b.

Öz: Bu makalede, Kazak ve Türk halklarının ninnileri incelenmekte ve ninnilerin Türk halklarının nesilleri yetiştirme sürecindeki eğitimel önemi üzerine bilimsel bir analiz yapılmaktadır. Özellikle Kazak, Karakalpak ve Uygur halklarının ninnilerinden örnekler verilerek, genel olarak Türk halklarının ninnilerinin özellikleri ayrıntılı bir şekilde ele alınmakta ve anne ile çocuk arasında ninniler aracılığıyla kurulan manevi bağlar kapsamlı bir şekilde değerlendirilmektedir. Araştırma sırasında, folklor biliminde ninnileri kapsamlı bir şekilde inceleyen A. Vetukhov, M. Eliash, A. Martynova, S. Seifullin, Sh. Akhmetov ve B. Ukhatov'un çalışmaları temel alınmıştır. Ayrıca, S. Kasimanov, A. Yanushkevich, A. V. Zataevich ve N. Boratov'un ninnilere ilişkin önemli görüşleri de dikkate alınmıştır. Ninnilerin önemi, yalnızca Kazak halkında değil, tüm Türk halklarında da vurgulanmıştır. Bu durum, ninnilerin güfteleri ve Türk

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ БЕСІК ЖЫРЫНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МАҢЫЗЫ

alimlerinin görüşleriyle desteklenmektedir. Ninni, çocuk eğitiminin ilk basamağı ve bir tür alfabe olarak kabul edilir. Ninnilerin söylenmesi ve bu yolla nesillerin yetiştirilmesi, sadece Kazaklar için değil, tüm Türk halkları için büyük önem taşımaktadır. Bu makale sayesinde, Türk halklarının ninnilerinin doğasını tanıma ve geleceğe yönelik halk ideallerini anlama imkanı bulacağız. Ninnilerin, çocuk folklorunun özel bir dalı olduğu ve bu alanda büyük bir rol oynadığı anlaşılacaktır.

Anahtar kelimeler: Ninni, Çocuk Eğitimi, Çocuk Edebiyatı, İnsanlık, Nesil, Ana-Baba

(Bağdat ERTAYEVA. TÜRK HALKLARINDA NİNNİLERİN EĞİTİMSEL DEĞERİ)

Аннотация: В данной статье представлен обзор колыбельных песен казахских и тюркских народов с целью научного анализа их воспитательной значимости в развитии молодого поколения. Особое внимание уделено отрывкам из колыбельных песен казахского, каракалпакского и уйгурского народов. Проведено всестороннее исследование особенностей колыбельных песен тюркских народов в целом, с акцентом на духовные связи, формирующиеся в семье между матерью и ребенком через исполнение колыбельных. Основой данного исследования послужили работы ведущих ученых в области фольклористики, таких как А. Ветухов, М. Элиаш, А. Мартынова, С. Сейфуллин, Ш. Ахметов, Б. Вахатов, которые глубоко изучали колыбельные песни. Также учтены мнения С. Касиманова, А. Янушкевича, А. В. Затаевича и Н. Боратова в отношении колыбельных напевов. Колыбельные песни имеют особое значение не только у казахского народа, но и у всех тюркских народов, что подтверждается текстами песен и взглядами тюркских ученых, изучавших их. Колыбельная песня представляет собой первую ступень воспитания детей, своего рода букварь, оказывая неоценимое влияние на формирование молодого поколения. Данная статья знакомит читателя с природой колыбельных песен тюркских народов, раскрывая народный идеал видения будущего поколения. Она демонстрирует, что колыбельные песни занимают важное место в области детского фольклора и играют значительную роль в воспитании детей.

Ключевые слова: колыбельная, воспитание детей, детская литература, нравственность, поколение, родители

(Бағдат ЕРТАЕВА. ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ КОЛЫБЕЛЬНЫХ ПЕСЕН У ТЮРКСКИХ НАРОДОВ)

Yazar Katkı Oranı (Author Contributions): Бағдат ЕРТАЕВА (%100)

Yazarların Etik Sorumlulukları (Ethical Responsibilities of Authors): Bu çalışma bilimsel araştırma ve yayın etiği kurallarına uygun olarak hazırlanmıştır.

Çıkar Çatışması (Conflicts of Interest): Çalışmadan kaynaklı çıkar çatışması bulunmamaktadır.

İntihal Denetimi (Plagiarism Checking): Bu çalışma intihal tarama programı kullanılarak intihal taramasından geçirilmiştir.

ӘОЖ 398; 801.8

MFTAP 1